

Қазақстан Республикасындағы көлік

Шығарылған күні: 2023 жылы 13ақпан
Келесі шығарылым күні: 2023 жылы 13наурыз

- [1. Негізгі ойлар](#)
- [2. Көлік динамикасы](#)
- [3. Глоссарий](#)
- [4. Әдіснамалық түсініктемелер](#)
- [5. Қатысты басылымдарға сілтемелер](#)
- [6. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі ойлар

Көліктің барлық түрлерімен жүктерді және жолаушыларды тасымалдау*

«Көлік және қоймалау» секциясының қызметтерінің НКИ 2023 жылғы қаңтарда өткен жылдың тиісті кезеңіне 108% құрады.

2023 жылғы қаңтарда Республика көлігімен 76,8 млн. тонна жүк тасымалданды, бұл 2022 жылғы қаңтар деңгейінен 2%-ға аз, осы кезеңде жүк айналымы 41 млрд. т-км құрады (2022 жылғы қаңтармен салыстырғанда 5,1%-ға азайды), 115,8 млн. жолаушы тасымалданды (2022 жылғы қаңтарға қарағанда 32,5%-ға артық), жолаушылар айналымы 5,6 млрд. п-км құрады (2022 жылғы қаңтармен салыстырғанда 49,3%-ға өсті).


Өңірлік бөліністе 2023 жылғы қаңтарда жүк айналымының ұлғаюы Ақмола (24,8%), Атырау (23,7%), Абай (17,9%), Түркістан (13,6%), Жетісу (15,9%) және Жамбыл (13,8%), облыстарында байқалады.

Жолаушылар айналымы барлық облыстарда, ең көп дәрежеде Атырау облысында (2 есеге), Астана қ. (1,9 есеге), Шымкент қ. (1,6 есе), Ақтөбе (1,5 есеге), Манғыстау (1,4 есеге), Солтүстік Қазақстан (38,3%) облыстарында ұлғайды.

Сурет 1

«Көлік және қоймалау» саласы бойынша нақты көлем индексі


өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен



Сурет 2

Қазақстан Республикасында жүк айналымы және жолаушылар айналымы

өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен



2022 жылғы қаңтар-желтоқсандағы жүк айналымы және жолаушылар айналымы

пайызбен

	Жүк айналымы	Жолаушылар айналымы
Республика Казахстан	94,9	149,3
Абай	82,1	123,5
Ақмола	75,2	108,1
Ақтөбе	93,8	149,8
Алматы	89,2	137,7
Атырау	76,3	203,2
Батыс Қазақстан	102,5	131,5
Жамбыл	86,2	110,8
Жетісу	84,1	114,7
Қарағанды	99,5	105,6
Қостанай	104,1	129,1
Қызылорда	97,8	119,1
Маңғыстау	90,5	143,8
Павлодар	126,4	128,4
Солтүстік Қазақстан	108,4	138,3
Түркістан	83,9	134,5
Ұлытау	97,9	111,8
Шығыс Қазақстан	131,7	126,8
Астана қаласы	115,4	157,3
Алматы қаласы	130,7	191,9
Шымкент қаласы	168,1	158,4

Теміржол көлігі

2023 жылғы қаңтарда республика темір жол көлігімен 33,6 млн. тонна жүк тасымалданды, бұл 2022 жылғы қаңтар деңгейінен 9,5%-ға аз, осы кезеңде жүк айналымы 27,1 млрд. т-км құрады (2022 жылғы қаңтармен салыстырғанда 0,4%-ға ұлғайды), 1,7 млн. жолаушы тасымалданды (2022 жылғы қаңтарға қарағанда 30,2%-ға артық), жолаушылар айналымы 1,3 млрд. п-км құрады (2022 жылғы қаңтармен салыстырғанда 24,4%-ға өсті).

Автомобиль және қалалық электр көлігі

2023 жылғы қаңтарда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда автомобиль көлігімен жүктасымалдау 20,8%-ға ұлғайғаны байқалады. Бұл ретте жолаушыларды тасымалдау және жолаушылар айналымы тиісінше 32,2% және 26,2%-ға ұлғайды.

Құбыр көлігі

2023 жылғы қаңтарда 23,3 млн. тонна жүк тасымалданды (2022 жылғы қаңтарға қарағанда 6%-ға аз), жүк айналымы – 12 млрд. т-км (2022 жылғы қаңтармен салыстырғанда 8,5%-ға азайды).

Әуе көлігі

2023 жылғы қаңтарда республиканың әуе көлігімен 969,9 мың жолаушы тасымалданды (2022 жылғы қаңтармен салыстырғанда 84%-ға ұлғайды), жолаушылар айналымы 1964,5 млн. п-км құрады (2022 жылғы қаңтармен салыстырғанда 2,3 есеге ұлғайды).

Теңіз және жағалау көлігі

2023 жылғы қаңтарда теңіз көлігімен 82,7 мың тонна жүк тасымалданды, 2022 жылғы қаңтармен салыстырғанда 9,4%-ға ұлғайғаны байқалады, жүк айналымы 41,2 млн. т-км құрады және 2022 жылғы қаңтармен салыстырғанда 19,8% азайды.

**Көлік саласы бойынша статистикалық деректер 2023 жылғы қаңтардан бастап автомобиль көлігінде жүктерді және жолаушыларды коммерциялық тасымалдауды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер қызметінің көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдіснамалық тәсілдің өзгеруін ескере отырып қалыптастырылды. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы деректерді алу мақсатында көлік саласының 2022 жылғы негізгі көрсеткіштері қайта қалыптастырылды.*

Ескертпе: Электрондық кестелер 2023 жылғы 12 сәуірде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның және 2022 жылғы қаңтардағы әуе көлігімен жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кірістер салалары бойынша көлемдердің қайта бөлінуін ескере отырып қайта жарияланды.

Электрондық кестелер**Қазақстан Республикасындағы көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері****Көлік және қоймалау саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылымы**

2. Көлік динамикасы

Динамикалық кестелер:

[Қазақстан Республикасындағы кезең мен айдағы көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері](#)

3. Глоссарий

Тасымалданған жүктер-көлікпен тасымалданған тоннадағы жүктер саны.

Көліктің жүк айналымы-жүктерді тасымалдау бойынша көлік жұмыстарының көлемі, тонна-километрмен тұлғаланады. Тасымалданатын жүктің әрбір партиясының (жөнелтудің) салмағын оны тасымалдау арақашықтығына көбейтудің жиынтықталуы арқылы анықталады.

Жолаушылар тасымалдау– белгілі бір уақыт кезеңінде тасымалданған жолаушылар саны. Көлік, қатынас түрлері бойынша ескеріледі. Жолаушыларды тасымалдау статистикасындағы байқау бірлігі жолаушы-сапары болып саналады.

Көліктің жолаушылар айналымы-жолаушыларды тасымалдау бойынша жұмыс көлемі. Өлшем бірлігі-жолаушы-километр, яғни 1 жолаушының 1 километр қашықтыққа орын ауыстыру болып табылады. Әр тасымалдаудың жолаушылар санының туындыларын километрмен тасымалдау қашықтығына қосу арқылы анықталады.

Нақты көлем индексі-есепті кезеңдегі жүк және жолаушылар тасымалының сандық көлемдерінің базиспен салыстырғанда өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш және жүктер мен жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кірістердің орташа өлшенген өсу қарқыны негізінде есептеледі.

4. Әдіснамалық түсініктемелер

Шығарылымда 1-көлік айлық нысаны бойынша есеп берген, негізгі қызмет түрі – көлік (ЭҚЖС-ның коды – 49-51) болып табылатын кәсіпорындардың жұмысы, жолаушыларды және жүктерді коммерциялық негізде тасымалдауды жүзеге асыратын экономиканың басқа да салаларындағы кәсіпорындар көрсетілген, сондай-ақ коммерциялық негізде автомобиль көлігінде жүктерді және жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын, тоқсандық нысандар бойынша есеп берген дара кәсіпкерлер: 1-ЖК (автожүк), 1-ЖК (автожолаушылар).

5. Қатысты басылымдарға сілтемелер

[Қазақстан Республикасында көліктің барлық түрлерімен жүктерді тасымалдауға арналған тарифтер индексі](#)
[Қазақстан Республикасындағы тұтыну бағаларының индексі](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Көлік статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме](#)

[«Көлік жұмысы туралы есеп» 1-көлік нысаны](#)

[Көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері, Сапа бойынша есеп, 2020ж.](#)

[Көлік қызметінің көрсеткіштері, «Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

Шығаруға жауапты: Қызметкөрсетужәне энергетика статистикасыдепартаменті	Департамент Директоры: Г. Қарауылова Тел. +7 7172749077	Орындаушы: Г. Акишева Тел. +7 7172 749271 E-mail: e.sarbasov@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
---	--	--	---